

**"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 261 қаулысы.

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 14-6) тармақшасына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 180-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының атауы "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қоғам) болып өзгертілсін.

2. Қоғам Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі болып айдындылсын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамымен (келісу бойынша) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2024 жылғы 8 сәуірдегі  
№ 261 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1. "Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесінде:

"Ұлттық компаниялар" деген бөлімдегі реттік нөмірі 43-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"43. "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы."

2. "KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2018 – 2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 900 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2018 – 2027 жылдарға арналған даму жоспарында:

"Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімде:

"Сыртқы органы талдау" деген 1.1-кіші бөлімде:

"Қазақстан Республикасындағы қаржылық қолдау құралдарының картасы" деген тарауда:

1-2-кестедегі "KazakhExport" деген 8-бағанның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭКА";

1-2-кестеге ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы: ҚДМ – "Қазақстанның Даму банкі" АҚ, ӨДҚ – "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ, ҚКМ – "Қазына Капитал Менеджмент" АҚ, Даму – "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ, ЭКА – "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" АҚ, АНК – "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ, ҚАҚ – "ҚазАгроҚаржы" АҚ. ";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі" АҚ кепілдіктер беру (орнын толтыру) арқылы экспортқа қолдау көрсетеді."

3. "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan engineering)" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2020 – 2029 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 969 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan engineering) ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2020 – 2029 жылдарға арналған даму жоспарында:

"Стратегиялық қызмет бағыттары" деген 4-бөлімде:

"1-стратегиялық бағыт: өндірісті әртараптандыру" деген 4.1-кіші бөлімде:

"Стратегиялық мақсат: маркетинг және экспортты ілгерілету функциясын дамыту" деген 4.1.3-тарауда:

сыртқы нарықтардағы сатылымдарды дамыту міндетінде:

сегізінші бөліктің он төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭКА" АҚ-мен белсенді өзара іс-қимыл жасасу, шетелдік нарықтарда сатылымдарды дамыту үшін оның өкілдіктері мен агенттік желісін пайдалану.";

"Қазақстан инжиниринг "ҰК" АҚ еншілес ұйымдарын дамытудың перспективалық бағыттары" деген 15-қосымшада:

13"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ-ның веб-сайты, keg.kz" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"13Экспорттық-кредиттік агенттік" АҚ-ның веб-сайты, kazakhexport.kz."

4. "Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың, шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі бірыңғай оператордың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 932 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың, шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі бірыңғай оператордың тізбесінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесі";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институттары:

"Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы;

"QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы."."

5. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 1180 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарында.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ қызметінің стратегиялық бағыттары" деген 4-бөлімде:

"Қызметтің 1-стратегиялық бағыты. Кәсіпкерлікті қолдау" деген 4.1-кіші бөлімде:

"Экспорттық әлеуетті арттыру" деген 4.1.3-кіші бөлімде:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Экспорттық әлеуетті арттыру блогын экспорттаушыларды қолдаудың бірыңғай терезесі – "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ЭКА" АҚ) іске асырады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұдан басқа, Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауында қажетті құралдарды шоғырландыра отырып, экспортты ілгерілетудің толыққанды институтын құру тапсырылды.";

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстанның экспорттық әлеуетін ынталандыру, сондай-ақ жоғары қосылған құнға бағдарлана отырып, экспортты әртараптандыру жөніндегі жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру мақсатында экспорттаушыларды қаржылық қолдауды күшейтетін "ЭКА" АҚ қызметінің стратегиялық маңызды бағыты мәселесі пысықталатын болады.";

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Экспорттың географиясы кеңейтіліп, басым және мүддесі жоғары елдердегі әріптестер мен клиенттерді ұлғайту үшін "ЭКА" АҚ-ның шетелдік және өңірлік қатысуы арқылы проактивті жұмыс жүргізілетін болады.";

он екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұдан басқа, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жаңа экспорттаушылар санын арттыру үшін экспорттаушыларды ("ЭКА" АҚ, QIC, ҚДБ, АНК, Даму) дамыту мақсатында экспорттаушыларды қолдайтын барлық құралдарды холдингте шоғырландыра отырып, пакеттік қолдау көрсетуді жалғастыратын болады.".

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның 2023 жылға дейінгі ҚТК" деген 5-бөлімде:

"Холдинг қызметінің негізгі көрсеткіштері." деген 6-кестеде:

реттік нөмірі 4-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Бәйтерек "ҰБ" АҚ-ның (ҚДБ\*, АКК\*\*, "ЭКА" АҚ\*\*\*) дейін қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсімдерінің қайталама сомаларын алып тастауды ескере

отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның экспорттық қолдауын алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің сомасы";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚДБ, АКК даму жоспарының және "ЭКА" АҚ іс-шаралар жоспарының есепті жылдағы орындалуы жөніндегі есептер";

"\*\*\*" сілтемеде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"\*\*\* "ЭКА" АҚ үшін экспорттық түсімнің сомасы құралдардың екі тобы бойынша жеке есептеледі, олардың әрқайсысы үшін экспорттық түсімді есептеудің арнайы тәсілі қолданылады:";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе: жоғарыда көрсетілген екі топта санамаланған құралдардың тізбесі "ЭКА" АҚ тиісті ішкі нормативтік құжатында "ЭКА" АҚ жаңа құралдарының әзірленуіне қарай толықтырылуы мүмкін.";

ескертпедегі он бесінші жолда: Даму жоспарының мәтінінде пайдаланылған аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭКА" АҚ" – "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы";

2-қосымшада:

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдары тізімінің 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" АҚ".